

## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫН САҚТАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЖОЛДАУЫ

### Құрметті әріптестер!!!

Компания саясаты – жұмысшы өмірі мен денсаулығын өндірістік көрсеткіштерден жоғары қояды. Жұмыскердің өмірі мен денсаулығын сақтау – бұл «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның корпоративті басты құндылығы. Мұнай мен газды өндіру, өндірістік нысандарда жұмыс істеу кезінде үлкен қауіп болатынын үнемі есте ұстау қажет.

Өткен жылдармен салыстырғанда «Өзенмұнайгаз» АҚ-ы бойынша жазатайым оқиға саны 67%-ға төмендегенін ерекше атап өткім келеді. Мұның бәрі компаниядағы қауіпсіздік мәдениетінің артуы мен нығайғанын көрсетеді. Жақсы нәтиже үшін Сіздерге алғыс айтамын!

Дегенмен, өкінішке орай, 2024 жыл жазатайым, оқыс оқиғаларсыз болмады. Біз компания және мердігер мекемелер жұмыскерлерінің бәрі әрқашан жұмыстан үйіне аман-есен қайтқанына тілекшіміз! Біз алдымызға 100% қауіпсіздікке қол жеткіземіз деген мақсат қойып, соның жолында үздіксіз жұмыс істейтін боламыз.

Біз кадрлық әлеуетті сақтау және дамыту, біздің негізгі құндылықтарымызбен және ортақ мүдде мен өндірістің жоғары стандарттарын тарту арқылы қауіпсіздік мәдениетін үздіксіз насихаттаймыз! Бұл мүдделік менің өзіме және «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның барлық жұмыскеріне міндеттеледі.

Құрметті әріптестер, атқаратын лауазымыңызға қарамастан, Сізден «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның өмірлік маңызды қағидаларын сақтауға және қауіпсіз еңбек мәдениетін дамытуға мүдделі болуға шақырамын. Бекітілген қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз орындауды және әріптестерімнен бүкіл қауіп пен ықтимал жағдайларды ескермей жұмысқа кіріспеуді талап етемін. Өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы ережелер мен нұсқаулықтардың бұзылуы, біздің әріптестеріміздің өміріне және денсаулығына тікелей қауіп төндіретін жағдайда жұмысты тоқтата тұру немесе оны орындаудан бас тарту қажет, сондай-ақ кез келген жағдайда барлық оқиғаларды жұмыстағы тікелей басшысына дереу хабарлау қажет.

Құрметті әріптестер, Мен қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтаған жағдайда Сіздің іс-әрекеттеріңізді толық қолдаймын. Бәріміз бірігіп Қазақстан Республикасының мұнай-газ саласындағы ең үздік компания болайық.

### Бас директор

### Ж.А. Саймағанбетов



Қорғаныш жүйелерін  
ажырату



Тұйық кеңістікте  
жұмыстарды  
жүргізу



Көлік құралдарын  
қауіпсіз жүргізу



Қуат көздерін  
оқшаулау



От жұмыстары



Қауіпті аймақ



Жүк көтеру  
жұмыстарының  
қауіпсіздігі



Қауіптілігі жоғары  
жұмысты жүргізуге  
наряд-рұқсат



Биіктіктегі  
жұмыс



Enbekti qorqay  
ОХРАНА ТРУДА



ӨзенМұнайГаз  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО

## «ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК БЕЛДІГІН ҚОЛДАНУ ҚАЖЕТТІЛІГІ ТУРАЛЫ ЖОЛДАУЫ

### Құрметті әріптестер!!!

Мен Сіздерге компанияның автокөлік құралдарын басқару және автокөліктерде жүру кезінде жол қозғалысы ережелерін және «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның «Өмірлік маңызды қағидаларын» сақтау қажеттігі туралы маңызды ескертумен өтініш жасаймын. Қауіпсіздік белдіктері – бұл тек міндетті талап ғана емес, сонымен қатар жол-көлік оқиғалары кезінде болуы мүмкін жарақаттанудың алдын алудағы Сіздің жеке қорғанышыңыз. Соқтығысқан кезде қауіпсіздік белдігі өмір сүру мүмкіндігін 70% - ға дейін арттырады.

Қауіпсіздік белдіктері:

- ✓соқтығысу кезінде соққы күшін азайтады;
- ✓сізді орныңызда ұстайды;
- ✓сізді басқа заттармен соқтығысудан сақтайды.

Есіңізде болсын, автокөлік құралында әр сапар кезінде қауіпсіздік белдігін тағу, сондай-ақ жылдамдық режимін сақтау міндетті. Қауіпсіздік белдігін таппаған жүргізуші мен жолаушы өз өміріне ғана емес, өзгенің өміріне де қауіп төндіреді!

Сіздің және әріптесіңіздің қауіпсіздігі – біздің компанияның басты құндылығы.

Сізден бұл маңызды аспектіні елеусіз қалдырмай, әрқашан жол қауіпсіздік ережесін сақтауыңызды сұраймын, сондай-ақ Сізден біріге отырып транспорт қауіпсіздік мәдениетін арттыруға шақырамын.

Есіңізде болсын! Сіздің әр әрекетіңіз өз өміріңіз бен денсаулығыңызға, сонымен қатар әріптесіңіздің өмірі мен денсаулығына әсерін тигізуі мүмкін!

Бас директор

Ж.А. Саймағанбетов



Қорғаныш жүйелерін  
ажырату



Тұйық кеңістікте  
жұмыстарды  
жүргізу



Көлік құралдарын  
қауіпсіз жүргізу



Қуат көздерін  
оқшаулау



От жұмыстары



Қауіпті аймақ



Жүк көтеру  
жұмыстарының  
қауіпсіздігі



Қауіптілігі жоғары  
жұмысты жүргізуге  
наряд-рұқсат



Биіктіктегі  
жұмыс